

Гүлфар МАМЫРБЕКОВА

ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

В статье рассматриваются сведения о староказахском языке средневековья.

Makalede orta asırda eski kazak yazılı dili hakkında bilgiler değerlendirilmiştir.

Ұлттық жазба тіліміздің негізі қаланған XIX ғ. II жартысынан бастап қазақ тіл білімінде жазба тілді екі түрлі сипатта қарастыру орын алған еді. Оның бірі – қазақтың ұлттық жаңа жазба әдеби тілі де, екіншісі – кітаби тіл. Бұның соғысы XX ғ. дейін өз жалғасын тапқан болатын. Осы «кітаби тіл» терминің қандай мағына береді, шынымен де кейбір зерттеушілер көрсетіп жүргендег «баспадан жарық көруіне» байланысты аталған ба? Егер баспадан жарыққа шығуына қатысты айтылған болса, онда таза ұлттық сипатта басылған Абай мен Ұбырайдың шығармаларын қайда қоямыз? Ал жазба тіліміздің арғы тарихы қуні бүгінге дейін неге осы «кітаби тіл» тұрғысынан қарастырылады? «Кітаби тіл», «кітаби лексика» нені мензейді?

Тілшілер тараудын «кітаби тілге» қатысты берілген анықтамалар негізінен «жағымсыз» реңде қалыптасқан. Мысалы, «шұбарланған тіл» (В.В.Радлов) «қоспа тіл» (С.Е.Малов) касталық тіл (І.Кеңесбаев, Қ.Жұмалиев), дін тілі (С.Аманжолов), т.б.

Қазақ ғалымдары арасынан ең алғашқы болып «кітаби тіл» терминінің дұрыс еместігіне назар аударған профессор Б.Әбілқасымов болды. Ғалым «кітаби тіл» терминінің қазақша әдебиеттерде екі түрлі ыңғайда, яғни «біріншісі – шағатай немесе орта азиялық түркі әдеби тілінің (тиорки) мағынасында, екіншісі – шағатай тілінің қазақ авторлары шығармасында қолданылған түрі ретінде аталғанын айта келіп, егер «кітаби тілді» шағатай немесе орта азиялық түркі әдеби тілінің синонимі ретінде танитын болсақ, XVIII-XIX ғасырда өмір сүрген сауатты қазақтардың баршасы өз туындыларын түркі әдеби тіліндегі жазған болады және ол тілді жете менгерген болады. Ал шындығына келсек, XIX ғ. бірінші жартысында өмір сүрген қазақ азаматтары Шоқан, Махамбеттер өздерінің ағайын-тумасына жазған хаттарын шағатай не түркі әдеби тіліндегі жазуы ешбір мүмкін емес», -дей отырып, бұл тілді қазақтың «көне әдеби тілі» деп атаған дұрыс деген пікір білдірген болатын [1. 121-123].

Академик Р.Сыздық XV-XIX ғ.ғ. аралығында қалыптасқан кітаби жазба тіл бірте-бірте қазақыланып XIX ғ. аяғына таман жалпыхалықтың негіздегі жаңа жазба әдеби тілмен астасып кетті деп көрсетеді [2. 196].

Біз ғалымдардың бұл пікіріне толықтай қосыла отырып, мынадай түжірымға келеміз: «Кітаби тілге» жатқызылған шығармалар тілінде қазақ тілінің арғы тарихи дамуын көрсететін құрылымдық жүйе сақталған және

Г.Мамырбекова. Ескі қазақ жазба тілі туралы түсінік.

көне, орта түркі дәуіріндегі ортақ түркілік элементтердің ұлттар тіліне ыдырағаннан кейінгі кезеңдердегі «қазақы» болмысын бізге жеткізіп, ұлттық жазба тілдің қалыптасуына кең жол ашқандықтан «кітаби тілге» жататын жазбаларды «ескі қазақ жазба тілі» үлгілері деп тануымыз қажет. Қазіргі әдеби тіліміздің қазыналық сөздік қорын барынша молайтқан да осы дүниелер».

Туыстас өзбек, татар т.б. халықтар «кітаби тіл» терминін қолдану былай тұрсын, тарихи жазбаларындағы «бөтендік» сипатты жатсынбай, керісінше «меншіктеп» көне өзбек, көне татар тілі жәдігерлері деп танып келеді. Бұл орынды да. Себебі, орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштердің ортақ тілде жазылғандығы дау тудырmas, ал ұл болып қалыптасқаннан кейінгі кезеңдердегі жазбалар тіліндегі жекелеген ұлттық сипаттағы тілдік белгілер жүйелі түрде кездесіп отырады.

Егер ескі қазақ жазба тілі бізге жеткізіп, оның қолданыста болып келсе? Демек, ескі жазба тілдің қолданылу аясының көндігі оның өміршешендігін көрсетеді. Бұған оның бір емес бірнеше стильдік тармақтар бойынша халыққа қызмет еткендігі дәлел бола алады. Яғни ескі қазақ жазба тілінің бірнеше салаларда қолданылуының езі оның бұқараашылдық сипатта болғандығының дәлелі. Сондықтан да «кітаби тіл» деп айдар тағылған ескі қазақ жазба тілі тек аз ғана тоptың, яғни «сауаттылардың» ғана мұддесіне қызмет етті деген пікірмен келісу қын. Өйткені тамырын VIII ғасырдан бастаған араб жазуы түркі жұрты былай тұрсын, кириллица қабылданған кезеңге дейін қазақ халқының арасына кеңінен тарады. Ал Кенес Одағы кезеңіндегі «сауатсыз қазақтар» санының аса көп мөлшерде көрсетіліп келуі, «алаш арыстарының» көзін жойған сұрапыл саяси идеологияның ықпалынан деп білеміз. Өйткені күллі қазақ «әріп танымайтын қаранды» болса, араб жазуымен мерзімді басылымдардың халық арасына жаппай таралуы да мүмкін емес жағдай. Сондықтан да XV ғ. бермен қарай қазақ қоғамында дүниеге келген жәдігерлерімізді «епшім түсінбеген кітаби тілде жазылды» немесе «тек сауаттылардың мұддесіне жарады» деп сыртқа тепшей, «тарихи төл туындыларымыз» ретінде қабылдауымыз қажет. Егер шынымен де, ескі қазақ жазба тілі «азғантай топқа» ғана жарамды болған болса, XX ғ. дейін жалғасын таппас еди.

Сонымен ескі қазақ жазба тілі халық сұранысын мынадай салалар негізінде жүзеге асырды:

1. Көркем әдебиет стилі. Бұған XVI-XVII ғғ. жататын Әбілғазының «Түркі шежіресі» мен Кадырғалидың «Жамиғат тауарихы» жатады және бұлар ескі қазақ жазба тілінде хатқа түскен алғашқы үлгілер болып табылады. Сонымен қатар бұл топқа XIX ғ. II жартысында пайды болған діни және лирикалық қисса-дастандар мен XX ғ. басындағы ескі қазақ жазба тілі өкілдерінің шығармалары кіреді (М.Көпейұлы, М.Қалтайұлы, Ш.Жәнгірұлы т.б.).

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

2. Ресми іс-қағаздары стилі. XVIII-XIX ғғ. хан-би жарлықтары мен саяси қатынас қағаздары.
3. Публицистикалық стиль. XIX ғ. II жартысынан бастап жарыққа шықкан алғашқы қазақ газеттері.
4. Эпистолярлық стиль. Бұған Шоқан, Махамбет т.б. қазақ өкілдерінің жазысқан хаттары кіреді.

Міне, осылайша қолданыс мерзімі 5 ғасырга (XV-XX ғғ.) жуық уақытты қамтыған жазба тілдің қазақ қоғамындағы мәні мен рөлі қашан да болса дау тудырмасы анық. Жөн ескі қазақ жазба тілі өз кезеңіндегі уақыт талабына сай өзгерістер мен толықтыруларға үшірап отырған. Яғни «түсініксіз» деп танылатын көне бірліктер ауызекі сөйлеу тілі элементтерімен ауыстырылып бірте-бірте жалпыхалықтың сипат ала бастады.

Мысалы, ед алғашқы ескі қазақ жазба тілі үлгілері болып табылатын Әбілғазының «Түркі шежіресі» мен Қадырғалидың «Жамиғат тауарихында» дәстүрлі жазу нормасы берік сақталған. Алайда, бұл шығармалар тіліндегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін орга түркі ескерткіштері тілімен тікелей салыстырғанда елеулі айырмашылықты аңғаруға болады.

Мысалы, XI ғ. ескерткіш болып табылатын Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы»:

*Өкүш ианашған тил ей алмас иағы
Сөзүң бошлұғ етме иыға тут тилиц
(Мылжыңдаған тіл аддырмайтын жау
Беталды сөйлей берме тілді тый).
Кішіг тил ағырлар булур күт иісі
Кішіг тил ужуздар иарыр ер басы
(Кішкентай тіл қадірлі қылар
Кішкентай тіл басыңды жұтар).
Жұсіп Баласағұн «Құтты біліг»:
Мени емгәтур тил еди өг телим
(Мені тіл аса көп азаңқа салды).
Кипп сөз билю қапты болды малик
Өкүш сөз баптың иерге қылды кулук
(Кісінің сөзден беделі көтеріледі
Көп сөз болса басты жерге тығыш күл етеді).*

Ал ескі қазақ жазба тілінде алғашқы нұсқалары болып табылатын XVI-XVII ғғ. ескерткіштері «Түркі шежіресі» мен «Жамиғат тауарих» мәтіндерін аудармасызы-ақ, еш қындықсыз түсінуге болады, яғни қазақ тілінде ерекшеліктері сақталған. Соңдықтан да олар «ескі қазақ жазба тілінде» алғапқы нұсқаларының қатарынан орын алады:

ТШ: Ағыларыңыз бір болса ұзақ иыллар уа көб күндер бұ үрттлар қолұңыздын чықmas (Ауызбіршіліктерінде болса, ұзақ жылдар мен көп күндер бұл жүрт қолыңыздан шықпас).

Г.Мамырбекова. Ескі қазақ жазба тілі туралы түсінік.

ТШ: *Барчасыны өз ағызыға бақтүрүб мұсылман қылды* (Баршасына өз әмірін жүргізіп, мұсылман қылды).

ТШ: *Мені тақы ала бар имамның астанасына баш үрайын деді* (Мені тағы ала бар имамның табалдырығына бас иейін деді).

ЖТ: *Дүниенің төрт бұрышын билеген хан, халайықын әділлік білән сұрган хан, иетімлерге рахым қылыб, қыгайларны тойдүрган хан* (Дүниенің төрт бұрышын билеген хан, халқын әділдікпен ұстаған хан, жетімдерге рақым қылып, кедейлерді тойдырған хан).

ЖТ: *Сапсыз хан ұғлы сұлтанларны ештігінде табұғ еттүрген хан* (Сапсыз хан ұғлы сұлтандарды есігінде табыштырған хан).

ЖТ: *Тахтың сенің тарға үхшар, халқың сенің сайа даулетте үхшар, затың сенің мисал айға үхшар, әділің сенің бұлтқа үхшар, ғиғылың сенің шағағатқа үхшар, хайрың сенің теңізге үхшар* (Тағың сенің тақта ұқсар, халқың сенің байлықтың құдіретіне ұқсар, бейнең сенің айға ұқсар, әділдігің сенің бұлтқа ұқсар, пейілің сенің шағағатқа ұқсар, қайырымдылығың сенің теңізге ұқсар).

Көркем әдебиет саласындағы ескі қазақ жазба тілінің бұдан кейінгі туындылары Қазақстандағы кітап шығару ісі кезеңінде өз жалғасын тапты. Жалпы Қазақстанда кітап бастыру ісі кеш қолға алынғаны белгілі, яғни XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінен бастап іске аса бастады. «Ертеректе заты түтіл аты болмаған бұл өнердің дала өмірінен біраз орын алуды қазақтардың әдебиеті мен мәдениеті үшін зор жаңалық болды және олардың даму қарқынын арттыра туستі» [3. 26].

Ескі жазба тіл негізінде баспа бетін көрген көркем әдебиет үлгілері, негізінен, XIX ғ. екінші жартысында жарық көрген қисса аталған өлең жырлар. Қиссалардың өзі мазмұндық жағынан өте бай, мысалы, дінді насиҳаттайтын («Зарқұм», «Жұм-жұма», «Сал-сал», «Кербаланың шөлінде», «Тамимдер», «Адам», «Хазірет Расулның Мегражға қонақ болғаны», «Бозжігіт» т.б.), махаббатты дәріштейтін («Таһир», «Үш қызы», «Жұсіп-Зылиха», «Қисса-и Рұстем», т.б.), ерлікті жырлайтын («Қисса и Кожа Fafan уа һем Сәдуақас», «Қисса-и Серғазы») т.б. қиссалар. Сонымен қатар ескі қазақ жазба тілімен фольклорлық жырлар да жарықта шықты («Ер Тарғын», «Қисса-и Алшамыс», «Қисса-и Қызы Жібек», «Қисса-и Айман-Шолшан», т.б.).

Бұлардың тіліне қатысты ғалым С.Аманжолов мынадай пікір білдірген еді: «Опубликованные в Казани, Уфе и Ташкенте религиозные киссы (поэмы), назидания мулл и т.п., хотя на титульных листах их стоят слова қазақша (по-казахски), фактических были написаны в основном на испорченном и смешанном, иначе т.н. книжнем языке, где преобладали чагатайские и татарские элементы» [4. 221].

Алайда, F.Мұсабаев керісінше: «Кітаби тілдің әсерімен жазылған қиссаларды жақсылап оқытындарды халық қадірлейтін. Шығыс әдебиетінен «Боз жігіт», «Сейфұл Мәлік - Бәдіғұл Жамалды», «Жұсіп - Зылиханы» оқушыларды үйыш-ақ тыңдайтын да түсінетін. Кітаби тіл ешқашан құбыжық

болған емес» деп көрсетеді [5. 166]. Шынымен, бұған дәлел ретінде ІІ.Алтынсариннің 1884 жылы жарық көрген «Шаригат ул-ислам» кітабын айтуға болады. Еңбекті арнағы қарастырған С.Хасанова: «...бұл кітаптың авторы ІІ.Алтынсарин деп айта қою қын. Өйткені Ыбырай бүрын жазған «Хрестоматиясында» ұстаған принциптерінің көбін мұнда ұстай алмаған. Бұл еңбек шағатаизмнің элементтерінен құр емес. Шұбарлау. Орфография мен пунктуация жағы да көңілдегідей емес. Әсіреле сойлемдері шұбалыңқы, оңдағы сездердің қионы жыныдасып келе бермейді» [6. 10] деп көрсеткен болатын. Таза ұлттық жазба тілдің қалыптасуына ерекше құш жұмсал, ат салысқан адамның бұлайша жазуы неліктен? Бұның негізгі себебі, сол кездегі қоғам үшін де ескі жазба тіл «беделінің» төмендемегені еді. Осының айғары ретінде баспа бетінен көптеген кітаптар «ескі қазақ жазба тілінде» жарыққа шығуын жалғастыра берді. 1900-1910 жылдар аралығында Қырымбайұлы («Насихат Қазақия»), Әбубекір Кердери («Әдебиет қазақия»), Н.Наушабайұлы («Манзумат қазақия»), М.Көпейұлы («Сарыарқаның кімдікі екендігі»), М.Қалтайұлы («Қазақтың айнасы»), М.Сералин («Гүлкәшіме») сынды авторлардың шығармалары халыққа тарады.

Тепті ұлттық жазба тіл өкілдерінің қатарына жататын Міржақып Дулатұлының 1910 жылы жарық көрген «Бақытсыз Жамалынан» да «ескі тілге тән» нормаларды арагідік кездестіруге болады:

*Mір Иақұб тәменилердің аласасы
Сөзімнің бар ма жоқ па тамашасы
Жылтыраб тесік мойыншақ жерде қалмас
Қазақша бір роман жазса салышы
Жамалдың жайын жаздық бұл кітабда
Бахытсыз бір қызы екен осы шақда
Біреуге хас нәрсе емес гам болған іс
Жайылған бұл бір ғұрүғ һәр қазақда
Сатады қызды қазақ мал орнына
Алмайды халал жұғды жасар орнына
Әйелді хайуанга хисаб етүб
Тұтады өзін ерлер хан орнына
Бұл сөзді оқыб көрер қолына алған
Иниша аллах хақыншатдар емес жалған
Тиүлұб мыңнан бірі хианатдан
Көрсе екен айыбларын һәр кім қылған
Қазақша роман жоқ басылған көб
Бұл күнде халық ішінде шашылған көб
Қадары хал білгенімше мен де жаздым
Тілеймін болса екен деб асырған көб [7, 3-6].*

Ескі қазақ жазба тілінің келесі бір жанры – публицистикалық стиль үлгілері, яғни қазақ қоғамындағы мерзімді басылымдар. Қазақ баспасөзінің басы XIX ғ. екінші жартысынан шыға бастаған екі газеттен басталатыны

Г.Мамырбекова. Ескі қазақ жазба тілі туралы түсінік.

белгілі. Фалым Б.Әблұқасымов аташ көрсеткендей бұлар: «Қандай қоғамдық-экономикалық формацияда болмасын, ұлттық дүниетанымның күшті тәрбие құралы ретінде өзінің маңызын, рөлін еш төмендеткен емес» [1, 124]. Қазақ тіліндегі алғаш жарық көрген «Түркістан уалаяты» газеті 1870-1883 жылдар аралығында 13 жыл бойы Түркістан генерал губернаторлығының оргалығы Ташикент қаласында шығып тұрды. Ал екінші «Дала уалаяты» газеті бұдан 5 жыл кейін, 1888 жылдың 1 қантарынан бастаған, Дала генерал губернаторлығының оргалығы Омбы қаласынан шыға бастады. Міне, ескі қазақ жазба тілінің дәстүрлі нормаларын осы екі газет тілінен ұшыратуға болады.

Ал бұдан кейінгі қазақ тілінде шыққан мерзімді баспасөздердің екінші тобы 1907 жылы «Қазақ», «Серке»; 1911 жылы «Дала», «Қазақстан», «Айқаң»; 1913 жылы «Ешім даласы», «Қазақ», 1916 жылы «Алаш»; 1917 жылы «Бірлік туы», «Үш жұз», «Тіршілік», «Сарыарқа», «Ұран». Фалым Ү.Сұбханбердинаның көрсетуінше «Бұл газеттердің шығуына үкімет тараапынан көмек болған жоқ» [8, 6].

Халықтың ұлттық мәдени сипаттын мәңгілікке жалғастыратын рухани қазынасының бірі – халық шығармалары (фольклорлық) десек, солардың жойылып кетпей, қалың қауымға кеңінен жарияланғанға ықпал еткен алғашқы қазақ газеттері болған еді. Бұған дәлел ретінде газеттерден үзбей жарияланыш тұрған ауыз әдебиеті ұлттар – ертегі, аңыз әңгімелер, мақал-мәтедер, жұмбақтар, тұрмыс-салт жырлары, лиро-эпостық жырлар, айтыс, шешенендік сездер сияқты әдеби нұсқаларды айтуда болады.

Академик Р.Сыздыкова қоғамдық публицистикалық стильдің пайда болуын мерзімді баспасөздердің «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерінің пайда болуымен байланыстыра отырыш, оларда елдің, халықтың тұрмыс-жайы, оку-ағарту мәселелері, қазақтың ұлттық мәдениеті, тарихы, әдебиеті мен тілі т.б. туралы публицистикалық сипаттағы мәтіндердің басылып тұратындығын және бұл мәселелердің оқырман қауымға түсінікті, жатық тілмен ұсынылып отырғандығын дәлелдей келе: «Сондықтан, лексико-фразеологиялық құрамы жағынан да, грамматикалық құрылышы жағынан да бұл стильдің негізі қазақтың өз тілі болды» - деп көрсетеді [9, 175].

Қорыта айтқанда, ескі қазақ жазба тілі – қазіргі әдеби тіліміздің дамуына жол ашқан үлкен арналардың бірі. Көне одан кейін орта түркі дәуірлерінен бастау алған ескі жазба тілдің құрылымындағы дәстүрлі қатаң «әмбебап норма» XV ғасырдан XX ғасырга дейінгі аралықта бірқатар өзгерістерге ұшырап өз заманының жазу мәдениетінің озық түрін қалыптастыруды. Көне түркі тілі болсын, орта түркі тілі болсын тіпті бергінгі ескі қазақ тілі болсын бұлардың барлығын да өз заманындағы жазу мәдениетінен өкшаша қарастыруға болмайды. Және осы үш жазба тілдің тарихи сабактастыры мен байланысын үнемі есте ұстаған абзат. Өйткені алдыңғы екі жазба тілдің (көне, орта) негізінде қалыптасқан ескі қазақ жазба тілінің құрамынан сол

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

дәуірлердің қуесі ретінде сақталған тілдік бірліктерді де, таза ұлттық жазба тілдің белгілерін де көздестіре аламыз.

Сөз соңында айтарымыз, ғалым F.Мұсабаев аташ көрсеткендей, «кітаби тіл ешқашан құбыжық болған емес».

ӘДЕБІЕТТЕР

1. *Әбілқасымов Б.* XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. –Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.
2. *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: «Ана тілі», 1993. –319 б.
3. *Дербісөлін Ә.* Қазақтың Октябрь айдандағы демократияшыл әдебиеті. –Алматы: Ғылым, 1966. –312 б.
4. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алма-Ата: КазГосИзд-во, 1959. ч 1. –452 б.
5. *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. (Лексика, фонетика). –Алматы: ҚазмемОПБ, 1962. –316 б.
6. *Хасанова С.* Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. –Алматы: Мектеп, 1972. –132 б.
7. *Дулатов М.* Бақытсызы Жамал. –Петропавл, 1910. –94 б.
8. *Сұбханбердина Ү., Дәуітов С.* Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. –368 б.
9. *Сыздықова Р.* XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Мектеп, 1984. –248 б.

REZUME

G. MAMYRBKOVA (Almaty) OVERVIEW OF THE OLD KAZAKH WRITTEN LANGUAGE

In the article the information about the old Kazakh language in the Middle Ages.